

КЕАҚ «Торайғыров университеті» гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультетінің «Тұлғалық даму және білім беру» кафедрасының докторанты Асқар Жолдасбекович Куватовтың 8D01101 (6D010300) – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған **«Студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың педагогикалық шарттары (дене шынықтыру және спорт мамандарына арналған)»** диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Енгилика Жуматаеваның

## ІШКІ

Студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетінің дамуына Қазақстан Республикасындағы бірқатар қиындықтар, қоғам өзгерісінен жеке тұлғалардың жалпылай дағдарысқа ұрынуы сияқты мәселелер ықпал етуде. Отандық және шетел зерттеушілерінің еңбектерінде салауатты өмір сүрудің бір тізгіні дене шынықтыру мен спорт бағытындағы біліктіліктің түп тамыры жоғары оқу орындарындағы білім мазмұнына тәуелді болуы. Ішкі интеллектуалды әлеует мәселесі дене шынықтыру мен спорт бағытындағы білім мазмұнында қарастырылмаған нысан. Бұл орайда, орыс ғалымы Л.С. Выготскийдің 19 ғасырда халық ортасынан көрегендікпен кімнің ойлау қабілеті парасатқа жүгінгенсе, сол бірінші болады деген тұжырым жасаған. Аталып отырған қорытынды тұжырым бүгінгі Қазақстан Республикасының білім мен ғылымына тіректік рөл атқаратыны байқалды. Студенттердің денсаулығының интеллектуалды тұрғыда беки түсуінің өзі мамандардың элиталық орта құруымен ерекшеленеді. Қазіргі сағым қуған, бүгінгі мен ертеңгісі бұлдыр заманда мамандардың өте жоғары интеллектуалды деңгейге көтерілуі ұлтымыздың қауіпсіздігін қамтамасыз ететіне күмән тудырмайды. Мемлекетіміздің экономикасын креативті деңгейде өркендету, мамандардың, оқытушы-профессорлардың өз салаларында дәрежелері жоғары, бәсекеге қабілетті болу үдерісінде ғана аталған көкейкесті мәселелер шешілмек. Жұмыстағы мәселелерге қатысты еңбек еткен зерттеуші ғалымдардың әртарапты тұжырымдарын түзіп, қамтылмаған қайшылық туғызар тұстарын ғылыми талапқа сай құрған. Ғылыми аппараттың тәртібі де, мазмұны да айқын. Студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың педагогикалық шарттары (дене шынықтыру және спорт мамандарына арналған) мәселесі – осы зерттеу еңбегінің пәні. Өкінішке орай, бұл пәннен әдіснамалық негізге жарар зерттеу еңбектері жоқтың қасы. Десек те, жарияланған еңбектердің жиынын топтастырып зерделесек, зерттеу барысында докторант 1.1, бөлімінде әдіснамалық негізді әлемдік кеңістіктегі отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектеріне талдау жасап, өзінің авторлық пайымдамасын нұсқалы тұрғыда дәйектей алған. 1.2, 1.3 бөлімдерінде докторант студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін өркендетуде стохастикалық парадигмасының алар орны мен қозғалыс

белсенділігін тиімді қолданудың ойлау өнеріне тигізер ықпалы туралы жазып берген.

Сол сияқты 2.1, 2.2, 2.3 бөлімдерінде студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың педагогикалық негізі, амалдары (тұжырымдамасы), технологиялары мен шарттары ұсынылған.

Дене шынықтыру пәніне модернизм талабына сәйкес стохастикалық парадигманы ішкі интеллектуалды әлеуетті қорландырып, оны жүзеге асыруды тиімді амалмен студенттердің ойлау өнерін арттырып отыру үдерісін өздігінен орындай алу мүмкіндігін дарыту мәселесі еңбекте жаңалық ретінде қабылдануына қам жасалған.

3-ші тарауда толығымен тәжірибелік-эксперименттік жұмысы атқырылып, тексеріліп, нәтижесі ұсынылған. Осылайша, Асқар Жолдасбекович Куватовтың диссертациялық жұмысы ғылыми жаңалығымен, теориялық және практикалық маңыздылығымен ерекшеленеді және елеулі маңызы бар толық ғылыми зерттеу болып табылады.

Куватов Асқар Жолдасбекович орындаған «Студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың педагогикалық шарттары (дене шынықтыру және спорт мамандарына арналған)» тақырыбы бойынша диссертациясы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің диссертациялық жұмыстарына қойылатын талаптарға жауап береді. Осыған байланысты осы диссертацияны 8D01101 (6D010300) – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жария қорғауына ұсынамын.

**Ғылыми жетекші,  
КеАҚ «Торайғыров университеті»  
«Тұлғалық дамыту және білім беру»  
кафедрасының педагогика  
ғылымдарының докторы, профессор**

  
  
**Е. Жуматаева**

«Торайғыров университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы  
\_\_\_\_\_ қолын растаймын  
подпись Жуматаева Е заверяю  
HR-қызметі \_\_\_\_\_  
Некоммерческое акционерное общество «Торайғыров университеті»